

УДК: 636.034:644.122(574)

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СҮТ ӨНДІРІСІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУ**  
**ПРОИЗВОДСТВО И ПЕРЕРАБОТКА МОЛОКА В КАЗАХСТАНЕ**  
**MILK PRODUCTION AND PROCESSING IN KAZAKHSTAN**

**Б.Е. РУСТЕМБАЕВ**

экономика ғылымдарының докторы, профессор

**А.С. КАЗКЕНОВА**

экономика ғылымдарының магистрі

**Б.А. АЙНАКАНОВА**

экономика ғылымдарының магистрі

С.Сейфуллина атындағы Қазақ агротехникалық университеті

---

**Аңдатпа.** Серпінділік үрдістерін талдау негізінде республикадағы сүт өндірісі мен қайта өңдеу жағдайы қарастырылған. Олар саланың тиімді қызметін, өндірісті интенсификациялауды және оның негізгі нәтижелік көрсеткіштерін сипаттайды.

**Аннотация.** Рассмотрено состояние производства и переработки молока в республике на основе анализа тенденций динамики, характеризующих эффективную деятельность отрасли, интенсификацию производства и основные показатели его результативности.

**Abstract.** The paper highlights the state of production and processing of milk in the republic on the basis of dynamics trends analysis which characterize effective operation of the industry, intensification of production and main indicators of its performance.

---

**Тұтқалы сөздер:** сүтті мал шаруашылығы, сиырлардың өнімділігі, өндіріс, сүтті қайта өңдеу, экспорт, импорт.

**Ключевые слова:** молочное животноводство, продуктивность коров, производство, переработка молока, экспорт, импорт.

**Keywords:** dairy cattle, cows productivity, production, milk processing, export, import.


---

Елімізде мал шаруашылығының ең ірі салаларының бірі сүтті мал шаруашылығы болып табылады. Өртүрлі табиғи-экономикалық аймақтарда сүтті мал шаруашылығын дамытудың өзіндік ерекшеліктері бар, бұл бірінші кезекте құнарлы жайылымдық жерлер мен қолайлы табиғи-климаттық жағдайларға негізделеді, ауылшаруашылық жерлер құрлымы мен ауылшаруашылық өндірістің бағыттары, өнеркәсіптік орталықтар мен темір жолдар осы саланы дамытуға жақсы жағдай жасайды. Сүт бағытындағы мал шаруашылығы нарықта сүт ұсынысының негізгі үлесін құрайтындықтан, оның қызмет ету тиімділігі барлық сүт өнімдерін өндіретін кешендердің соңғы нәтижесіне тәуелді болады.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүзеге асыратын шаруашылықтар үш санатқа бөлінеді: ауылшаруашылық кәсіпорындары, шаруа (фермер) қожалықтары және жұртшылық шаруашылықтары. Мал шаруашылығының жағдайын және дамуын неғұрлым толық сипаттау үшін аталған барлық санаттар бойынша ақпараттың бар болуы қажет. Осындай ақпарат шаруашылықтардың барлық санаттарын қамтитын жылдық статистикалық байқау деректері [1] негізінде қалыптасады.

Соңғы он жылда Қазақстанның барлық шаруашылық санатындағы ірі қара мал саны орташа есеппен 5685,9 мың басқа жетті, оның ішінде сиыр басының үлесі 45 пайыз. Ірі қара мал басы санындағы өзгеріс динамикасы 1-суретте келтірілген.

## Рынок продовольственной продукции



1-сурет. Қазақстанда ІҚМ басы санының өзгеру динамикасы

Бүгінгі таңда ірі қара мал басының саны бойынша бірінші орынды Алматы облысы алады, бұл жерде барлық ірі қара мал саны 858,3 мың бас. Ірі қара мал өсіретін тағы екі маңызды облыс Оңтүстік Қазақстан (838,7 мың бас) және Шығыс Қазақстан облыстары (769,2 мың бас). Ірі қара мал саны ең аз Маңғыстау облысы (14,2 мың бас), осы облыс территориясының көп бөлігін жусантұзды шөл құрайтындықтан, онда малды

ұстауға қолайсыз табиғи-климаттық жағдайлар әсер етеді.

Ірі қара мал басының өсімі шаруа (фермерлік) қожалықтарда да байқалады, 2009 жылдың көрсеткіштерімен 2013 жылдың көрсеткіштерін салыстырса ірі қара мал саны бұл санатта 2 есеге өскенін көруге болады. Ал ауылшаруашылық кәсіпорындарында мал басының саны өте баяу қарқынмен өсуде. Қазақстанның барлық шаруашылықтар санатындағы сүт өндірісі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Барлық шаруашылық санатындағы сүт өндірісі

Шаруашылықтар санаты	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	Орташа 5 жылда
<b>Сыырлар саны, мың бас</b>						
Ауылшаруашылық кәсіпорындары	103,1	108,5	118,9	141,8	160,2	126,5
Шаруа (фермер) қожалықтары	304,6	365,6	437,8	551,9	676,1	467,2
Жұртшылық шаруашылықтары	2309,6	2277,2	1946,1	1886,4	1898,5	2063,6
<b>Сүт өндірісі, мың тонна</b>						
Ауылшаруашылық кәсіпорындары	172	181,4	185,4	200,7	212	192,3
Шаруа (фермер) қожалықтары	370,5	382	434,3	509,7	559	455,1
Жұртшылық шаруашылықтары	4761,4	4817,8	4612,8	4141,2	4117	4492,5
<b>Сүт өндірісінің жалпы көлеміндегі үлесі, %</b>						
Ауыл шаруашылық кәсіпорындары	3,2	3,4	3,5	4,1	4,4	3,7
Шаруа (фермер) қожалықтары	7,0	7,1	8,3	10,5	11,5	8,8
Жұртшылық шаруашылықтары	89,8	89,5	88,2	85,4	84,2	87,5

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының көбі бұрынғы ұжымшарлар мен кеңшарлардың ізбасарлары болып табылады. Олардың еліміздегі жалпы сүт өндірісінің көлеміндегі үлесі орташа есеппен 3,7 пайызды құрайды. Шаруа (фермерлік) қожалықтардың көбі


жаңуылық фермалар болып табылады, олар кеңшарлар мен ұжымшарларды бөлу мен жекешелендіру негізінде құрылған. Сүт өндірісінің жалпы көлеміндегі шаруа (фермерлік) қожалықтардың үлесі орташа есеппен 8,8 пайызды құрайды.

## Рынок продовольственной продукции

Жұртшылық шаруашылықтары ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер құрылымына енетін шаруашылық санаттарының негізгілерінің бірі. Ауыл халқы үшін тамақ өнімдерінің негізгі өндірушілері саналатын жұртшылықтың жеке меншік қосалқы шаруашылықтарының экономикалық қызметі еліміздің азық-түлік қорын арттырудың қосымша қоры болып табылады. Шаруашылықтың аталған санаты жалпы сүт өндірісінің көлеміндегі үлестің орташа есеппен 87,5 пайызын құрайды. Жұртшылық шаруашылықтардың

дамуынан көбінесе ауылшаруашылық өнімдер көлемінің өсімі, халықтың жұмыспен қамтылуы мен табыс деңгейі байланысты болады.

2013 жылғы мәліметтер бойынша еліміздің шикі сүт өндірісінің 84 пайызыдан астамы (4,1 млн. тонна) жұртшылық шаруашылықтарға тиесілі болса, ал қалғаны шаруа (фермерлік) қожалықтарға 11,4 пайыз (0,56 млн. тонна) және ауылшаруашылық кәсіпорындарға 4,3 пайыз (0,21 млн. тонна) тиесілі, 2-суретте келтірілген.



2-сурет. Бір сауылым сиырға келетін орташы сүт өнімділігінің өзгеру динамикасы, кг

Ауылшаруашылық кәсіпорындарында бір сиырдың сүт өнімділігі республика бойынша орташа көрсеткіштен 25 пайызға жоғары, ал шаруа (фермерлік) қожалықтарда бір сиырдың сүт өнімділігі республика бойынша орташа көрсеткіштен 18 пайызға төмен.

Қазақстанда мал шаруашылығы саласының төмен өнімділігінің негізгі себептері: асыл тұқымды мал басы үлесінің төмендігі, сапалы азықтың тапшылығы, мал ұстау жағдайының нормаларға сай келмеуі болып табылады. Мал шаруашылығы саласына тән сипаттар: малдардың тұқым қуалау әлеуеті және осыған байланысты төмен өнімділік, малды күтуде заманауи технологияларды қолданудың мардымсыздығы, өнім сапасын және өнімділігін қамтамасыз ететін басқа да технологиялар қолдану мен азықтандырудың жеткіліксіздігі. Сонымен қатар, малдарды суару үшін су көздерінің қол жетімсіздігімен байланысы табиғи жайлымдардың әлеуеті қолданылмайды.


Халықты сүтпен, қайта өңдейтін кәсіпорындарды шикізатпен тұрақты қамтамасыз

ету сүтті мал шаруашылығының жағдайымен, мықты азықтық базаның бар болуымен, малдардың селекциялық және тұқымдық сапаларымен түсіндіріледі. Барлық бағыттағы асыл тұқымды ірі қара мал үлесі еліміздің жалпы ІҚМ санының шамамен 10 пайызын құрайды, оның ішінде 4 пайызы сүтті және сүтті-етті мал бағытындағы, қалған 6 пайызы ет бағытындағы ірі қара мал. Қазақстанда таралған ірі қара мал тұқымы: сүт бағытындағы - қара-ала, қырдың қызыл сиыры, әулиеата, голштин; сүтті-етті бағыттағы - симментал, алатау және швиц тұқымы. Отандық асыл тұқымды малдардың өнімділігін жоғарлату үшін жоғары сапалы импортталатын асыл тұқымды материалды қолданумен тұқымды алмастыру қажет.


Қазақстанның азық-түлік кешенінде үлкен орынды сүтті-тауарлы кешен алады, бірақ әлі күнге дейін республиканың халық санына шаққанда сүт және сүт өнімдері өндірісі ғылыми негізделген нормаларға сай келмейді. Халық санына шаққанда сүт өндірісі 4-суретте келтірілген.



## Рынок продовольственной продукции



3-сурет. Асыл тұқымды ірі қара мал үлесі



4-сурет. Қазақстанда жан басына шаққандағы сүт өндірісі

Қазақстан Республикасында сүт өндірісінің негізгі көрсеткіштерін талдау, 2003 жылдан 2013 жыл аралығында орташа есеппен жан басына шаққанда 312,8 келі құрағанын көрсетті. Сүт өндірісі 2013 жылмен 2008 жылды салыстырғанда 43 келіге немесе 12,9 пайызға қысқарған. Ал 2012 жылмен салыстырғанды 2013 жылы 1 келіге немесе 0,4% пайызға өскен.

Қазақстанда жалпы сүт өндірісі базисті кезеңмен салыстырғанда 13 пайызға немесе 571,3 мың тоннаға өсті. Абсолютты мағынада өзгеріс жалпы өндірістегі мал басының 21 пайызға немесе 1341,6 мың тоннаға өсу есебінен болды.

Қазақстан Республикасында негізінен сиыр сүті қолданылады – халық тұтынылатын жалпы сүт көлемінің 96 пайызға жуығын құрайды. Қазақстанның ауылшаруашылық кәсіпорындарында сүтті мал шаруашылығының даму көрсеткіштері 2-кестеде келтірілген.

2009 жылмен 2013 жылды салыстырғанда сиыр сауумен айналысатын ауылшаруашылық кәсіпорындар саны 1043 кәсіпорынға немесе 20,2 пайызға өскен, орташа есеппен бір ауылшаруашылық кәсіпорынға 464 сиыр және 899 тонна сүт келеді, 2013 жылы 100 сиырға 85 төлден келген, бұл көрсеткішті 2009 жылмен салыстыратын болсақ 2 төлге аз.



## Рынок продовольственной продукции



көрсеткіш 320,2 мың тоннаға өскен. Тұтас алғанда, сүт өнімдері, сары май, ірімшік және сүзбе өндірісі үшін оң қарқын бай-қалуда,

2009 жылғы көрсеткіштермен салыс-тырғанда өндіріс көлемі 87 пайызға өскен.

4-кесте. Қазақстанда сүт және сүт өнімдерінің өндірісі, экспорт және импорты

Көрсеткіштер	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	Орташа 5 жылда
Өндіріс, тонна						
Сүт өнімдері	366 705	466 982	532 742	586 427	686 937	2 639 793
Сары май	15 341	14 000	14 577	12 245	14 075	70 238
Сүзбе және ірімшік	15 591	16 342	17 595	19 177	22 120	90 825
Экспорт						
Сүт өнімдері	3 053,7	1 727,6	2 970,6	4 655,3	23 980,5	7277,5
Сары май	41,5	12	12,1	27,9	249,2	68,5
Сүзбе және ірімшік	1 569,7	776,3	613,6	671,3	549,1	836,0
Импорт						
Сүт өнімдері	137 942,9	175 914,6	163 670,8	164 725	172 813	163013,3
Май	9 539,8	8 471,8	7 373,7	8 134,9	8 821,7	8468,4
Сүзбе және ірімшік	25 622,9	24 435,9	22 819,3	22 451,3	22 611,5	23588,2
Импорт үлесі, %						
Сүт өнімдері	27,5	27,44	23,6	22,07	20,68	24,3
Сары май	38,41	37,72	33,61	39,97	38,95	37,7
Сүзбе және ірімшік	64,63	61,09	57,33	54,82	51,18	57,8

Қазақстанда сүт және сүт өнімдерін негізгі өндірушілері төрт облыс, олар Солтүстік Қазақстан, Алматы, Қостанай және Ақмола облыстары, олардың барлық өндіріс көлемі шамамен 340 мың тонна немесе 75 пайызды құрайды.

Қазақстанның сүт нарығы оң тенденцияларды сақтауда. Бүгінгі күні қуаты 5 тен 50 тоннаға дейін сүт өңдейтін кәсіпорындар жұмыс істеуде. Негізгі жабдықтаушылар жеке ауылдық шаруашылықтар болып табылады. Қазақстанның ірі сүтті қайта өңдеу кәсіпорындарының орташа жүктемесі бар болғаны 60-80% құрайды. Азық-түлік өнеркәсібінде ірі компаниялар («ФудМастер компаниясы» АҚ, «Danone» ЖШС) өндірістік қуаты жаңғырту және кеңейтуге инвестиция құяды [2].

Қазақстан Республикасында сүт өнімдерін тұтыну өндіріс және импорт қосындысынан экспортты шегеру арқылы анықталады. Яғни, 2013 жылы Қазақстанға импортталған сүт өнімдері, май және ірімшік шамамен 204 мың тонна, ал экспорт – 25 мың тонна құрады.

Саланың басты мәселесі – сапалы шикі сүттің жетіспеушілігі мен құрғақ сүт өндірушілер жағынан жоғары бәсекелестік. Республикада өндірілген сүттің 80 пайыздан астамы жеке шаруашылықтардың өнімдері болғандықтан, қазақстандық сүт зауыттары мен кәсіпорындар үшін шикізат көзі тұрақсыз

болып табылады, және де жұртшылық шаруашылықтардың шикі сүтін өндірісте қолдану үшін тұрақты тексеріс қажет. Сонымен бірге, саланың шешім қабылдауын талап ететін басқа да мәселелер бар: сүттің төмен тауарлығы, асыл тұқымды мал басы үлесінің төмендігі, сүтті мал басы өнімділігінің төмендігі, қайта өңдеу кәсіпорындары үшін шикізат жеткізуде үзілістер және шикі сүт өндірісінің маусымдық ауытқулары, импортты сүт өнімдерінің көлемінің өсуі, ветеринарлық нормалардың және малдарды ұстау талаптарының бұзылуы.

Елде өндірілетін сүт сапасы төмен, бұндай үрдістің негізгі себептері малды ұстау, азықтандыру рационын сақтауға болып табылады, шаруашылық санаттары бойынша сүт өндірісі құрлымымен байланысты. Себебі жеке шаруашылықтарда сауылатын сүттің сапалық көрсеткіштері стандарттарға сай келмейді, сүтті қайта өңдейтін зауыттар сүт өнімдерінің ішкі нарығын толық қамтамасыз ете алмайды.

Республикада сүтті мал шаруашылығын дамытуда «Агробизнес-2020» бағдарламасы негізінде дайындалған сүтті мал шаруашылығын дамыту бойынша мастер-жоспарларды жүзеге асыру нәтижесінде сүт өндірісін бір миллион тоннаға көбейтуге болады, бұл өз кезегінде импортталатын сүт және сүт өнімдерін ішкі нарықтан ығыстырады [3].



